

1 Қыркүйек Білім күні. Оқу жылына басталуына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. **Іс шараның мақсаты:** Мектеп дәстүрін сақтау, жаңа оқу жылына жағымды көңіл-күй қалыптастыру, мектеп ұжымын біріктіру, мерекелік атмосфераны құру.

Қыркүйек айында, яғни 1 тоқсанда апта сайын оқушылардың сырт келбеттері (мектеп формасы, ауыстырылған аяқ киім) қадағаланып, тексеріліп отырды. Сонымен қатар, тіл мерекесіне орай, «Тіл- татулық тірегі» атты онкүндік өткізілді. Және осы апталықтың ашылуы өткізілді. Апталықтың екінші күні аға тәлімгер мен политехникалық бірлестік ұйымдасып, спорттық эстафета сайысын өткізді. Сайыс 6-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Әр команда номинация бойынша марапатталды.



Қамқор жобасы бойынша «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» атты таза жұма өткізілді. «Таза болса табиғат, аман болар адамзат», демекші аптаның жұмасында тазалық күні өткізілді.



Шабыт жобасы бойынша «Даналық ұстаздан» челленджі яғни мұғалімдер күніне арналған Өзін-өзі басқару күні дублер күні және салтанатты жиын өткізілді.

Мектептің өмірін қызықты және әділ өтуі үшін оқушылардың өзін өзі басқару көшбасшысына үміткерлер таңдалып, 7-11 сынып оқушылары арасында үміткерлер өздерін ұсынды. Жас сайлаушылар күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді. Үміткерлермен сайлау барысын алдын-ала талқыланып, сайлауды өткізу мерзімі бірлесіп анықталады, содан кейін оларды өткізуге толық дайындық жүргізілді.




11 Қазан күні бастауыш сыныптар яғни 1-4 сынып оқушыларымен «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді. Және «Алтын күз» мерекесіне орай, бастауыш сыныптар әртүрлі табиғи заттардан бұйымдар жасалып, **көрме** ұйымдастырылды.

17 қазан күні 5-11 сыныптар арасында «Күзгі асар» жәрмеңкесі мен **көрме** ұйымдастырыл, өткізілді. Және осы көрме аясында оқушыларымызға алғыс хаттар мен марапаттаулар берілді.



«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша 19 қазан жалпы республикалық «Мектеп президентінің сайлауы» күні бойынша сайлау өткізілді. Сайлауға 1-11 сынып оқушылары келіп өз дауыстарын беріп, таңдауларын жасады. Сайлауда комиссия мүшелері мен қдағалаушы мен бақылаушылар таағайындалып, өз жұмыстарына кірісті.





«Шабьт жобасы» бойынша «Сиқырлы қылқалам» яғни Республика күніне орай, суреттер көрмесі ұйымдастырылып, суреттер ілінді. 1-6 сынып оқушылары Республика күніне арнап суреттер салды. Оқушылармыз өте жақсы қатысып, белсенділік танытты.



«Қоғамға қызмет ету» 25 Қазан Республика күніне орай, салтанатты жиын өткізілді. Сонымен қатар «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқушыларды қабылдау рәсімі өткізілді. Рәсімде 2 сынып «Жас Қыран» ұйымына қабылданса, 5 сынып оқушылары «Жас Ұлан» ұйымына қабылданды. Оқушыларымызға аспан түстес гастук пен төс белгі тағылды.



«Біздің бүгінгі бастауымыз ертеңгі болашақ» - дей келе әрі қарай да, мектебіміздің жұмысын, іс-шараларын оқушылармен, өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе отырып, жасаймыз деген ойдамын.

**Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
аға тәлімгердің І - тоқсан бойынша
өткізілген іс -шалар есебі.**

Орындаған: Аға тәлімгер Ш.М.Шопанова

2024-2025 оқу жылы

II-тоқсан мектебімізде оқушыларды үзілісте ұлттық ойындар ойнатумен басталды. Ата-бабамыздан келе жатқан ежелгі ұлттық ойынымыз, «Асық шерту» ойыны. Оқушыларға осы ойын арқылы ой-саналарын дамытып және салт-дәстүрімізді есте сақтауға үйретіп, насихаттау болды.



Әр 15 минуттық үзілісте оқушылардың миларын демалту үшін, әр түрлі ойындар ойнатылады. Ежелгі ойындар, мысалы: «Сақина салу», «Орамал тастау» және тағы басқа да ойындар ойнатылады.




Оқушылар ойынға өте белсене қатысып, шымырланып ойнады.



Қараша айының 13-ші жұлдызында «Қауіпсіз интернет» атты тақырыпта оқушылармен тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шара мақсаты: Кәмелетке толмағандардың оқушылардың назарына агрессивті интернет мазмұнының әсерінен болатын проблемаларды түсіну деңгейін арттыруға бағытталған ақпаратты жеткізу. Интернет ресурстарды қолдану мәдениетін, кәмелетке толмағандардың интернетке кіру белсенділігін бақылауға қатысты интернет – қызметтерде ересек қолданушылардың жауапкершілігін жоғарылату.




Оқушылар екі топқа бөлініп, ойындар ойнау арқылы интернеттің пайдасы және зияны туралы мәліметтер жазды. Оқушылар белсене қатысып, көптеген мәліметтерге ие болды.

Ұлы ақынымыз, Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай, «Шабыт жобасы» бойынша бастауыш сынып оқушылармен театрлық қойылым өткізілді. «Абай сөзі» атты іс-шара өткізілді. 4 сынып оқушысы Жайлаубек Арнұр дана Абайымыздың рөлін сомдап, ұлы ақынның қара сөздері мен өлеңдерін оқушыларымызға паш етті. Оқушыларымыз белсене қатысып, тамашалады. Соңында бастауыш сынып оқушылары кім қандай мәлімет алғандарын және өз ойларын жазып, қалташаға салды.



«Заң және тәртіп» құндылығы бойынша «1 – желтоқсан Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні» орай, суреттер салнып, флешмоб билетілді. Мақсаты: Оқушыларға темекі, арақ, есірткі, СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана-сезімдерін дамыту.



«Тәуелсіздік және Отаншылдық» құндылығы бойынша Тәуелсіздік күніне орай, бастауыш сынып оқушылары суреттер салды. Және де сиқырлы қылқалам қабырғасына ілінді.



15 минуттық үзілісте мектеп президенті мен парламент мүшелері оқушыларға әртүрлі ойын түрлерін ойнатады. Оқушылар парламент мүшелерімен ойынға өте белсене қатысып, шабыттанып ойнайды.



1-5 сынып оқушылары «Еркін тыныс ал!» челленджіне қатысып, спорттық би биледі



12 желтоқсан күні бастауыш 2-3 сынып оқушыларымен мектепшілік музейге саяхат жасадық.

Мақсаты: білім алушыларға мектепшілік музейіне саяхат жасау арқылы өткен тарихымызды танып білуге және оның ішіндегі тарихи жәдігерлер мен құндылықтарымызды өз көздерімен көріп, танысуға мүмкіндік жасалды.



Мектебімізде Тәуелсіздік күніне орай, «Тәуелсіздік орындалған арман» атты тақырыпта салтанатты жиын өткізілді. Жиын мектеп директорының құттықтау сөзімен басталды. 1-11 сыныптар белсене қатысты. Жиында Желтоқсан оқиғасына байланысты театрлық қойылымдар қойылып, өлеңдер мен әндер айтылып, би биленді. Соңына қарай оқушыларымызды марапаттау рәсімі өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойына еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, Тәуелсіз елдің болашағы жастардың қолында екенін, өз Отанын, тілін, жерін құрметтеуге баулу.





Жаңа жыл мерекесіне орай, бастауыш сыныптар арасында «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік ертеңгілік өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға мерекелік көңіл-күй тудыру, шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілігеніне балалардың, Аяз атаның, ақшақардың карнавалдық киімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынас ояту, аудиторияға мерекелік көңіл-күй жасау.



Мерекенің соңында оқушылармызға жаңа жылдық сыйлықтар беріліп, фото- суреттер жасалды.

5- 11 сыныптар арасында жаңа жылдық кеш өткізілді. Өртүрлі ойындар ойнатылып, ән шырқалып, билер биленді. Оқушыларымыз өте белсене қатысып, көңіл-күйлері керемет болып, жаңа жылдық көңіл-күймен жүрді.



II-тоқсанымыз керемет көңіл-күймен аяқталды, келесі тоқсанды керемет көңіл күймен бастаймыз деген ойдамын.

**Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
аға тәлімгердің II - тоқсан бойынша
өткізілген іс -шалар есебі.**

Орындаған: Аға тәлімгер Ш.М.Шопанова

2024-2025 оқу жылы

ҚАҢТАР – заң және тәртіп айы. «Ұлттық ойын -ұлт қазынасы» аясында үзілісті тиімді пайдалану мақсатында үлкен қоңырауда әртүрлі ойындар ойнатылады. Ұлттық ойынымыз «Орамал тастамақ» ойыны. Ұйымдастырып өткізген аға тәлімгер және мектеп парламенті мүшелері.



<https://www.facebook.com/share/p/18xps26U4h/>

Осы орайда жоспарға сәйкес «Заң және тәртіп» құндылығы аясында «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 7-11 сынып оқушылар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін арттыру және қоғамда этика мен мәдени іс-әрекет ережелерін сақтау дағдыларын, нормативтік-құқықтық база туралы білімдерін қалыптастыру.





<https://www.facebook.com/share/p/1XRtmQW6G2/>

1-11 сынып оқушылары арасында «Оқушы мен ұстаз мәдениеті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар өте белсене қатысты. Еңбек талы парақшасына әркім өз ойларын жазып, жабыстырды.

Мақсаты: Оқушыларға мектеп ішінде әдептілікті, мәдениеттілікті сақтау және ұстаздармен қалай араласып, жақсы қарым-қатынасты қалай орнату керек екенін түсіндіру.





Жоспарға сәйкес 7-11 сынып оқушылар арасында мектептің тәрбие жұмысының меңгерушісімен «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында әңгіме жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларға жаман әдеттерден аулақ болуға, есірткі деген затқа жоламауға үйрету, дәріс беру және түсіндіру.



<https://www.facebook.com/share/p/19xr9MMtFY/>

Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі бойынша мектепшілік жоспарға сәйкес «Адам бойында бәрі де сұлу болуға тиісті» атты тақырыпта педагог-психологпен ұйымдастырылып тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойына адамгершілікті сіңіру, жаман әдеттерден аулақ болуға, кішіге қамқор, үлкенге ізетті болуға тәрбиелеу.



<https://www.facebook.com/share/p/15xPRsLM8E/>

«Шабыт» жобасы аясында жоспарға сәйкес 1-6 сынып оқушылар арасында «Әншуақ балалар ән байқауы» өткізілді.

Мақсаты: 1-6 сынып оқушылар арасынан ән өнеріне қабілетті оқушыларды өнерге баулу, сахна мәдениетін үйрету, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өздерін бір сәт кішкентай жұлдыздардай сезіндіру.



Оқушыларымыз өте белсенді қатысып, марапаттар мен сыйлықтарға ие болды.



<https://www.facebook.com/share/p/16RG9yq8kt/>

1 Наурыз Алғыс айту күніне орай оқушыларға бейнеролик жасап келуге тапсырмалар беріліп, ұйымдастырылды. Әр сынып бейнеролик әзірлеп, жер бетіндегі барлық дүниелерге алғыс айтып, құттықтады.



<https://www.facebook.com/share/v/1BUzDg4nVJ/>

8 наурыз «Халықаралық аналар мерекесіне» орай 1-6 сынып оқушылары «Ананың аялы алақаны» атты тақырыпта суреттер салынып, ілінді.

Мақсаты: Оқушылардың қыз баласына, әйел адамға, анаға деген сый - құрметтерін арттыру.





<https://www.facebook.com/share/p/1EBeyPbvWn/>

Наурыз – Тәуелсіздік және Отаншылдық айы. Наурыз мерекесі қарсаңында мектебімізде біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша, «Ұлттық мәдениет» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмені аға тәлімгер және өзін-өзі басқару ұйымы жасап, сөреге қойылды.

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық көне заттарымызды ұмытипауға, қазаки нақыштағы мәдениетімізді ұмытпай қашанда жадымызда сақтап жүруге тәрбиелеу.



Ақмола облысы Қорғалжын ауданы кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі бойынша жоспарға сәйкес "Зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" атты тақырыпта оқушылармен тәрбие сабағы өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту;

оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

НАУРЫЗ-Тәуелсіздік және Отаншылдық айы



<https://www.facebook.com/share/v/1BEQm26cVi/>

**Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
аға тәлімгердің ІІІ - тоқсан бойынша
өткізілген іс -шалар есебі.**

Орындаған: Аға тәлімгер Ш.М.Шопанова

2024-2025 оқу жылы

СӘУІР айы бойынша жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылып, жұмыстар жүргізілді.

1 сәуір Құстар күніне орай «Құстар – біздің досымыз» атты тақырыпта 1-6 сынып оқушылары арасында суреттер көрмесі ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты: Табиғат байлығын қорғау, құстардың тыныс-тіршілігімен танысу, құстарды қорғауға баулу.



04.04.2025 жылы 5-11 сынып оқушылар арасында «Жер сағаты» таза жұма ұйымдастырылып, өткізілді. Оқушыларымыз мектеп маңын және ауыл орталығын тазартып, тазалық жүргізіп, таза жұма және ағаш егу жұмыстары жүргізілді.





11.04.2025 жылы 4-11 сынып оқушыларымен ғарышкерлер күніне орай, викториналық сұрақтар және ғарышкерлер туралы ақпараттар берілді. Өзін-өзі басқару ұйымы мен бірге презентациялар жасалып, ақпараттық сағат өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың ғарыш, ғарышкерлер туралы түсініктерін жетілдіру, ғарыш әлемі және құпия сырларына деген қызығушылықтарын арттыру.



25.04.2025 жылы мектепке сағыныш, түлектермен кездесу кеші ұйымдастырылып, өткізілді. Түлектер кешіне мектеп бітіргендеріне 5,10,15,20,25,30,35,40,45,50 жыл болған түлектеріміз өздері оқып кеткен мектептеріне келді. Кездесу барысында түлектеріміз мектеп қабырғасында оқыған кезде өздеріне сабақ берген ұстаздарын шақырып, бірнеше жыл көрмеген ұстаздарымен және сыныптастарымен кездесті. Түлектеріміз балалық шақтарын еске алып, балалық шақтағы қызықты оқиғаларымен бөлісті. Оқушыларымыз оларға концерттік бағдарлама ұйымдастырып, өткізді.



1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай, 1-6 сынып оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Және Бірлік күніне орай «Достығымыз жарасқан ел» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесіп 1-4 бастауыш сыныптар және 5-11 сыныптар арасында би жарысы өткізілді. Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.





06.05.2025 жылы 7 мамыр әкелер күніне орай «Әкем – асқар тауым» атты әкелер арасында сайыс ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл шараның басты мақсаты: Әке мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайту, әкелердің отбасындағы маңыздылығын көрсету және балаларға үлгі болу.



9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай, 1-4 бастауыш сыныптар арасында хор ұйымдастырылып, өткізілді.





16.05.2025 жылы табиғатты аялап күту бойынша «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» атты тақырыпта танымдық сағаты өтті. Ұйымдастырып өткізген аға тәлімгер мен өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері.

Мақсаты: Табиғат құндылығының маңыздылығы, табиғат пен адамның қатынасының үйлесімділігі туралы түсіндіру, еңбекке баулу және табиғат байлықтарын бағалауға, сақтауға, табиғатты аялай білуге, қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.



23.05.2025 жылы оқу жылының аяқталуына байланысты «Сыңғырла соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын жылдағы дәстүр бойынша өткізілді.



Келесі жаңа оқу жылын да жаңа көңіл-күй, жаңа талаптар және жаңа тәртіппен бастаймыз деген ойдамын.

**Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
аға тәлімгердің IV - тоқсан бойынша
өткізілген іс -шалар есебі.**

Орындаған: Аға тәлімгер Ш.М.Шопанова

2024-2025 оқу жылы

